



Автор: КУШНАЗАРОВА ГУЛИСТАН КАИПОВНА
Пән: Көркем еңбек
Сынып: 5-сынып
Бөлім: Дизайн және технология
Тақырып: Бұйым дайындау. Бұйымды безендіру

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.2.3.1-Өлшем мен белгілеу негізінде орындалған бұйым дайындау үшін материалдарды қол құралдарымен өңдеу 5.2.3.2-Түрлі материалдардан (тоқыма, табиғи және жасанды) қарапайым бұйым орындау
Сабақтың мақсаты:	Барлығы: Өлшем мен белгілеу негізінде орындалған бұйым дайындау үшін материалдарды қол құралдарымен өңдейді. Көпшілігі: Түрлі материалдардан (тоқыма, табиғи және жасанды) қарапайым бұйым орындайды. Кейбірі: Бұйым конструкциясына және оны дайындауға қажеттілігіне қарай өз бетінше өзгеріс енгізеді.
Тілдік мақсаттар:	Сәндік-қолданбалы өнер, бұйым, жасау технологиясы, пішін, нобай, құрамы, ырғақ, сызық, тігістер. Құрақ құрау- лоскутное шитье-quiting , -құрақ құрау түрлері, квилт техникасы, печворк өнері.
Күтілетін нәтиже:	Оқушылар технологиялық реттілікпен қол тігісі мен машина тігісін, ылғалды- жылумен өңдеу операциясын қолданып, қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, жұмысты орындайды. Бұйым конструкциясына және оны дайындауға қажеттілігіне қарай өзгеріс енгізеді.
Бағалау критерийлері:	Жоспарланған бұйымды қол еңбегі құралдарымен өңдей алады. Түрлі материалдардан қарапайым бұйым жасай алады.
Құндылықтарды дарыту:	«Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеясының құндылықтарын негізге ала отырып, өзара жағымды қарым-қатынас орнату. Оқушылардың назарын бірлескен жұмыстың артықшылықтарына аудару. Сыныптастарымен ынтымақтаса жұмыс істеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Оқушы жұмыс барысында материалын, түсін, орындалу техникасын таңдау барысында АКТ-ны қолданады.
Пәнаралық байланыс:	Математика пәні арқылы сызық түрлерін қолданады, тарих,әдебиет пәндерінен ұлттық қолөнердің пайда болу тарихын біледі, ұлттық мәдени мұраларды зерделейді және байланыстырады.
Бастапқы білім:	Қол тігістері және оның түрлері туралы біледі.Қол жұмыстарын орындау кезінде жұмыс орнын ұйымдастыруды және қауіпсіздік ережесін біледі. Қол тігістерін орындауды, өзін-өзі бақылау элементтерін қолдана отырып, олардың сапасын анықтауды біледі. Өз шығармашылық жұмыстарын жасау үшін практикалық дағдылары бар.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы (0-5минут))	Ұйымдастыру бөлімі а) сәлемдесу. ә) оқушыларды түгендеу. Оқушылар А.Құнанбаевтың "Түбінде баянды еңбек салған" өлең жолдары арқылы бүгінгі сабаққа назарын аударады. Түбінде баянды еңбек егін салған, Жасынан оқу оқып, білім алған. Би болып, болыс болған өнер емес, Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған. (Ө) б) Үй тапсырмасын тексеру. "Сұрақтар бұрқасыны" әдісі 1. Қимаульгі дайындаудың маңызы қандай? 2. Құрақ дайындау үшін қандай мата түстері таңдап алынады? 3. Мата қиындыларынан басқа да қандай бұйымдар жасалынады? 4. Нобай түрлерін қалай өзгертеді? 5. Матаны қию кезеңінде қандай ақаулар болады? Сөздік бағалау. "Жарайсың!", "Тамаша!", "Керемет!". Мұғалім сөзі: Сабақтың мақсаты мен бағалау критерийлері хабарланады. Сабақтың мақсаты: - өлшем мен белгілеу негізінде орындалған бұйым дайындау үшін материалдарды қол құралдарымен өңдеу. - түрлі материалдардан (тоқыма, табиғи және жасанды) қарапайым бұйым орындау. Бағалау критерийлері: - жоспарланған бұйымды қол еңбегі құралдарымен өңдей алады. - түрлі материалдардан қарапайым бұйым жасай алады.	VID20190301084723.mp4
--------------------------------------	--	------------------------------

Сабақтың ортасы ((0-27минут))	1-тапсырма. «Кинометафора» әдісі. Ұлттық қолөнері туралы бейнекөрсетілім көрсетіледі. Сұрақтар: 1.Заманға сай интерьерде құрақ бұйымдары қандай рөл атқарады? 2. Неліктен құрақ геометриялық фигуралардан құралады? 3. Не үшін құрақ құрау өнерінде түстер үйлесімділігі қажет? ҚБ: «Екі жұлдыз, бір тілек» Топ топты бағалайды. (Ө), (Т) 2-тапсырма. Практикалық жұмыс. Практикалық жұмысқа кіріспес бұрын тігін құралдарымен жұмыс барысындағы қауіпсіздік техникасы ережелерін еске түсіріңіздер. (Оқушылар қауіпсіздік ережелерін еске түсіреді) (Алдыңғы сабақта оқушылар бұйымды пішу үшін нобайлар және қимаүлгі орындаған. Бүгінгі сабақта құрақ көрпешені тігу жұмыстарын бастайды. Құрақты тігуге арналған қимаүлгі немесе лекало қолданады. Қиылған матаны сызба үлгіге қарап белгіленген өрнек бойынша рет-ретімен. әуелі ортаңғы бөлік, содан кейін шеткі бөліктерді тігеміз. Оқушылар технологиялық реттілікпен қол тігісі мен қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, таңдалған бұйымды құрастырып, тігеді. Бұйым конструкциясына және оны дайындауға қажеттілігіне қарай өзгеріс енгізеді. Міне, осындай жұмыстар жүргізу арқылы құрақ құрау технологиясын меңгереді.) 1-топ: Жапырақ құрағы. Өлшемі 12х12см. 2-топ: Құдық. Өлшемі 9,5х5,5 см. 3-топ: Төртүшкіл. Өлшемі 16х16 см. Құрақ көрпеше бөлшектерін орналастырыңыз. Құрақ көрпеше/квилт техникасында бөлшектерін қол тігістерімен өңдеңіз. Дескриптор: - нобай бойынша бұйымды орналастырады; - бұйымның бөлшектерін қол еңбегі құралдарымен өңдейді; - бұйым бөлшектерін көктейді. Смайликтер арқылы бағалау. Сұрақтар: 1. Балалар, біз бүгін жасаған бұйымның адам өмірінде қажеті қандай? 2.Қолөнері адамды қандай жетістіктерге жетелеуі мүмкін?	VID20190301092455.mp4
Сабақтың соңы ((0-5 минут))	(Ө) Оқушылар суреті, сызбасы мысалы, идея-эскиз- түсі – мата фактурасын таңдайды және материалды дайындау, сәндеу, жұмыс кезеңі бойынша бұйым конструкциясын өздігімен жасайды, сабақ соңында ауызша талдайды	
Рефлексия ((0-2 минут))	«3 Қ» әдісі арқылы кері байланыс беру. ҚызықҚұндыҚиын	
Бұйым дайындау. Бұйымды безендіру (40 минут)	Қысқа мерзімді жоспар	